



«БЕКІТЕМІН»

«Зайсан технология

колледжі» КММ директоры

Е.Т.Сейлханов

» 20/8 ж.

АШЫҚ САБАҚТАР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы ереже ҚР «Білім беру туралы» Заңы, Ереже әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметінің Типтік ережесі және оны таңдау (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі 21.12.07ж., №644) негізінде әзірленген.

1.2 Ашық оқу сабағы – жалпы педагогикалық тәжірибені тарату және колледждің инженер-педагогикалық қызметкерлердің кәсіби шеберлігімен біліктілігін көтеруге бағытталған, әдістемелік жұмыстың формасы.

1.3 Ашық сабақтың мақсаты жаңа білім формаларды және оқу-тәрбиелік үрдістің әдіс-тәсілдерін көрсету болып саналады, сонымен қатар дидактикалық оқыту құралдарды тиімді қолдану, ғылыми ұйымдастыру, тәсілдерді жалпылау және оқу үрдісінің сапасын бағалау болып саналады.

Тәжірибелі оқытушының өткізетін сабағының мақсаты – оқу-тәрбиелік жұмыстың тиімді формалары мен әдіс-тәсілдерін көрсету.

Жас оқытушының өткізетін сабағының мақсаты – педагогикалық біліктілігін көтеру, жетілдіру.

1.4 Ашық сабақты өткізу үшін оқу сабақтың түрлі формасы мен түрлері қолданыла алады.

1.5 Ашық сабақ пәнді оқытуға арналған талаптарға сәйкес, әдістемесі мен жаңа педагогикалық талаптарына сай болу керек.

1.6 Ашық сабаққа дайындалған кезде оқытушы жаңа педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді қолдану керек, білікті оқытушылардың тәжірибесін, басылымдарды қолдану керек. Колледждің әдістемелік қызметі, бірлестік жетекшілері, жас мұғалімдерге ашық оқу сабақтарын өткізу үшін, әдістемелік көмек көрсету керек.

1.7 Ашық сабақты алдымен жылдық жоспарымен жоспарланған оқытушылар көрсетіп, дайындайды. Ашық сабақ жылына бір рет көрсетілуі керек.

Колледж әкімшілігі немесе бірлестік жетекшілері жеке оқытушыларды озық педагогикалық технологиялармен таныстыру үшін шақыру мүмкін.

1.8 Ашық сабақ өткізілген күні талқыланады. **Талқылауға қатысушылар біту керек:** ашық сабақ кемшіліктерін табу мақсатында емес, білікті білімдерді жалпылау үшін өткізіледі, сондықтан олар мейірімді және өнегелі болу керек. Талқылау нәтижесімен ашық сабақтың бағасы сабаққа қатысу парағында белгіленеді.

2. Ашық сабақты жоспарлау

- 2.1 Ашық сабақтың тақырыбы, ашық сабақты өткізетін оқытушымен тандалады. Басқа тең жағдайда, пәнаралық байланысты жүзеге асыру үшін бағдарламаның қиын тақырыбы алынады.
- 2.2 Ашық сабақтарды жоспарлаған кезде, оларды кабинеттер бойынша тең түрде орналастыру керек. Қыркүйек пен жылдың аяғына жоспарлауға болмайды.
- 2.3 Ашық сабақты өткізу үшін жыл басында бірлестік жетекшілерімен әдістемелік кабинетке мәлімдеме беріледі.
- 2.4 Бірлестік жетекшілерінің мәлімдемелері бойынша әдістемелік кабинет ашық сабақтарды өткізу кестесін құрастырады. Ашық сабақтар туралы ақпарат ақпараттық тақтада орналастырылады.
- 2.5 Ашық сабақ туралы мәлімдемеде оқытушының аты-жөні, лауазымы, сабақтың тақырыбы, топ, оқыту тілі, курс, өткізу уақыты мен орны. Осы ақпаратқа сәйкес сабақтан бос колледжоқытушылары, сонымен қатар әдістемелік кеңестің өкілі, әкімшілік мүшелері ашық сабаққа қатысады.

3. Ашық сабаққа қойылатын талаптар

- 3.1. Ғылыми білім деңгейі нақты материалдың ғылымилығын бейнелеуі керек және қарастырылатын мәселе бойынша соңғы жаңа ғылым жетістіктерді, оқыту, тәрбие және дамыту максаттарды бейнелеу керек.
- 3.2. Сабақтың әдістемелік талаптары дұрыс таңдалған педагогикалық технологияларды (инновациялық технологиялар), көрнекіліктер түрін, сабақтың түрлі кезеңдерде уақытты дұрыс белгілеуді анықтайды. Ең тиімді оқытудың әдіс тәсілдерін қолдану, олардың көмегімен сабақтың мақсаты қалыптасады, студенттердің өзіндік жұмысы негізінде білім, білік, дағдылары анықталады – ашық оқу сабақтардың негізді талаптары болып саналады.

4. Ашық оқу сабаққа дайындалу

- 4.1. Ашық сабаққа дайындық сабақты өткізу әдістемесі талаптарына сәйкес өткізіледі: оқу материалының мазмұнын талдау; осы сабақтағы топ студенттердің жеке ерекшеліктерін талдау; оқу сабаққа қойылатын әдістемелік талаптарына сәйкес сабақтың барысын қысқаша сипаттау;
- 4.2. Ашық сабақтың тақырыбын оқытушы өз таңдауы бойынша таңдайды. Өзі әзірлеген әдістемелік әзірлемелер мен түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, студенттердің түрлі кезеңдегі оқу қызметін ескереді.
- 4.3. Сабақтың әдістемелік тақырыбына сәйкес, оқытушы педагогикалық шеберліктің оқу әдістемелік құралдарды аша білетін оқу материалды таңдайды.
- 4.4. Ашық сабаққа дайындалған кезде оқытушы жаңа, заманға сай ақпаратты таңдау керек, ғылыми-техникалық және әдістемелік әдебиеттерді, қатысқан әдістемелік конференциялар мен көрмелер материалдарын пайдалану керек.
- 4.5. Сабақтың материалдық-техникалық базаны алдын ала әзірленуі және қарастырылуы керек.

5. Ашық сабақты өткізу

- 5.1. Сабаққа қатысатын оқытушылар дәрісханаға қоңырау алдында кіруі керек, алдын ала дайындалған, студенттер мен оқытушының назарын алмайтын орындарға жайғасуы керек.
- 5.2. Барлық қатысқандар педагогикалық тактіні сақтау керек, сабақ барысына кіріспеу, студенттер алдында оқытушы жұмысына қарсы өз ойларын айтуға болмайды.
- 5.3. Қатысқандар бақылау кезінде назар аудару керек: сабақ беретін оқытушы қойған мақсатына қалай жетеді; қандай әдістемелік құралдар мен білім құралдары арқылы білім бағдарламаның талаптарын жүзеге асырады; оқыту барысында қандай интерактивті әдістер мен инновациялық технологияларды қолданады.
- 5.4. Бақылау нәтижесі «сабаққа қатысу» парағында көрсетіледі.
- 5.5. Ашық сабақта студенттермен анонимдік сауалнама өткізіледі.

6. Ашық оқу сабақты талқылау және талдау

- 6.1. Ашық сабақтың талқылауы оны өткізу күнінде өткізіледі.
 - 6.2. Талқылауды әдістемелік кеңестің өкілі немесе бірлестік жетекшісі өткізген пән оқытушы өткізеді.
 - 6.3. Талқылаудың мақсаты – таңдалған интерактивті әдістерді, инновациялық технологиялар мен құралдарды бағалау, басқа жеке әдістер мен технологияларды бөліп шығару, қойылған мақсаттарға байланысты олардың тиімділігі. Сабақтың мақсатына жетті ме:
 - Оқытудың соңғы нәтижесіне жету;
 - Коммуникативтік дағдыларды бағалау;
 - Лидерлік дағдыларды және кәсіпшілікті қалыптастыру;
 - Кері байланысты пайдалану.
 - 6.4. Сабақты талқылау кезінде сұрақтар нақты болу керек: жеке бөлек жұмыс тәсілдері туралы, сабақтың нақты кезеңдері туралы, және т.б.
 - 6.5. Талқылауды келесі тәртіпте өткізу керек:
 - сабақты өткізетін оқытушы (шағын өзін бағалауы);
 - Бірлестік жетекшілері, шақырылған оқытушылар;
 - Әдістемелік кеңестің өкілі, әкімшілік.
 - Сабақты өткізетін оқытушы (талқылау қорытындысы бойынша түйіні).
 - 6.6. Сөйлеушілер сабақтың кемшіліктері мен жақсы жақтарын нақты қарастыру керек, сабақты дидактикалық тұрғыда бағалау керек, қойылған оқыту, тәрбиелеу, дамыту мақсаттарға жету жолдарына, көрнекі материалдар мен құралдарды тиімді қолдануына назар аудару. Талқылау кезінде сабақта жіберілген кемшіліктер мен қателіктерлі ескере, сабақ жүйесін жақсарту бойынша ұсыныс беруге болады.
 - 6.7. Ашық сабақ қорытындыны талқылау кезінде студенттердің сауалнамасы қарастырылады және айтылады.
 - 6.8. Қатысушылардың сөзінен кейін сөз ашық сабақты өткізген оқытушыға беріледі. Ол қандай қателіктерді назарға алады, немен келіспейді және неге, өз пікірін дәлелдейді. Жақсы ұйымдастырылған талдау әдістемелі мәселелер бойынша бірінғай пікірге келуге көмек береді.
- ## **7. Ашық сабақ нәтижесін педагогикалық тәжірибеге енгізу**
- 7.1. Ашық сабақ бойынша әдістемелік әзірleme және педагогикалық тәжірибені жалпылау бойынша ұсыныстар мен қорытынды талдауын әдістемелік кабинетке ұсыну. («Ашық сабақтар» бумасы).
 - 7.2. Ашық сабақтың нәтижесі бірлестік отырысында колледж оқытушыларына айтылады.